С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б. 99-100

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ӨНДІРУДІ ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Косыбаева А.

Президент Н.А. Назарбаев «Қазақстан 2030» стратегиясында белгілегендей: «Бізге тұрақты өсімді қамтамасыз етуге өндіріс диверсификациясы көмектеседі. Егерде бұл нарық еркін болса, онда ол елімізде жаңа өндірістерді тудырады» - деген.

Астық саласы Қазақстанның ауылшаруашылық өндірісінің негізі, ал астық болса маңызды стратегиялық қоры болып табылады. Астық егісінің негізгі егістіктері республиканың солтүстік аймақтарында орналасқан, және де осы аймақтағы астық өндірісі мәселелерінің жетісті шешілуінен Қазақстан экономикасының барлық аграрлық секторының жағдайы тәуелді.

Агроөнеркәсіп кешені экономиканың негізгі салаларының бірі және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі ғана емес, мемлекеттегі қоғамдық-саяси тұрақтылық та осы саланың дамуымен тікелей байланысты. Әлемдік азық-түлік нарығында туындаған дағдарыс пен оның салдары азық-түлік мәселесінің өзектілігін бұрынғыдан да салмақтап, дүниежүзілік экономикалық саясаттың алдыңғы қатарына шығарды. Азық-түлік тапшылығы қаупін сезініп-түйсінген әлемнің барлық елдері, қазір өздерінің аграрлық саясатын шұғыл қайта қарап, тиісті өзгерістер енгізіп жатыр. Әсіресе өндіріс көлемін арттыру мен ішкі азық-түлік нарығын тұрақтандыру мақсатындағы мемлекеттік реттеу және қолдау көрсету рөлін күшейтуге ерекше мән беріліп отыр.

Әлемдік экономиканың бір бөлшегі ретінде дүниежүзілік азық-түлік нарығындағы жағдай Қазақстан экономикасына да ықпал етіп, ішкі азық-түлік нарығында көрініс тапты. Бұл әсер бізде негізгі азық-түлік тауарлары бағасының күрт қымбаттауы мен сыртқы нарыққа жаппай экспортталуы нәтижесінде ішкі қордың күрт азаюынан байқалды. Уақытында алдын алу шараларын қолданып, жалпы ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығы сақталынып қалды. Дегенмен, осы жағдай аграрлық саланың «әлсіздігін», әлемде орын алатын қауіпті құбылыстарға төтеп беретін ешқандай мүмкіншілігінің жоқтығын тағы бір рет ашып көрсетті. Еліміз үшін әлемдік дағдарыстың әсерін дәл болжаған Мемлекет басшысы аграрлық саланы одан әрі дамыту қажеттігіне ерекше назар аударып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нақты тапсырмалар берді.

Әлемдік азық-түлік нарығы қиын жағдайды бастан өткеріп жатқан қазіргі кезде, бұрын қалыптасып қалған көзқарастарды қайта қарап, бұл

тапсырмаларды орындау үшін мәселенің жаңа қырынан қарау үшін саладағы қызметтің стратегиялық бағыттарын заман талабына сай қайта өзгерту қажет. Дегенмен, бұл қазіргі стратегиялық бағытымызды толықтай қайта өзгерту дегенді білдірмейді, біз тек соңғы жағдайларға байланысты ішінара түзету енгізуіміз керек. Сондықтан бұрын жасалып, қазір жүргізіліп жатқан мемлекеттік аграрлық саясатты жалғастыра отырып, біз оны жағдай қалай өзгерген кезде де еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей жаңа мазмұнмен толықтыруға тиіспіз.

Қазіргі заманда өзгеріп отыратын нарық конъюнктурасына байланысты, сапалы бидайға деген сұраныс артуда. Осы сәтте біздің бидай өндірушілерінің басты мәселесі нарықта өз өнімін сату мүмкіндігі. Жаппай бидай өндіру нәтижесінде дәнді-дақылдар нарығында тепе-теңдік бұзылып, басқа сұранысқа ие дақылдарының өндірісі азайды. Нарық конъюнктурасында бидайға деген сұраныс азайған жағдайда отандық кәсіпорындардың дәнді дақылдарды диверсификациялауға көші мүмкіндігін қарастыру қажет. Егін шаруашылығында ауыл шаруашылық дақылдары көлемін диверсификациялау ерекше маңызға ие болып отыр.

Диверсификация сөзін латын тілінен аударғанда, diversus – әр түрлі және facere – жасау дегенді білдіреді. Диверсификация дегеніміз ассортиментті кеңейту, фирмамен, кәсіпорынмен өндірілетін өнім түрінің өзгеруі, өндіріс тиімділігін көтеру мақсатында жаңа өндіріс түрін игеру, экономикалық пайда алу және банкротты алдын алу.

Қазіргі уақытта дамыған астық елдерінде (Канада, Аргентина, Австралия) астық егіс құрылымының 60 пайызын алып жатса, Қазақстанда 80 пайыз алады. Қазақстанда қолданылатын егістік құрылымы тиімсіз. Өйткені ол басқа да сұранысқа ие дәнді – дақылдардың дамуына мүмкіндік бермейді. Ал, бидайдан басқа дәнді-дақылдардың дамуы, экспортты ұлғайтып, Қазақстанның жаңа нарықтарға шығуына мүмкіндік туғызар еді.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде жалпы астық өндіру бойынша Ресей және Украинадан кейінгі үшінші орында және адам басына шаққандағы өндірісі бойынша бірінші орында болғанымен, астық дақылдарының өнімділігі Ресейге қарағанда 1,8 есеге, Канадаға қарағанда 2,5 есеге төмен.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің зерттеулері дәнді-бұршақты, майлы дақылдарды, сыралық және азық-түліктік арпаны, ем-дәмдік сұлыны өндіру мүмкіндігін көрсетіп отыр. Сондықтан бүгін Қазақстанда саланы дамытудың жаңа жолдарын іздестіру жүріп жатыр. Соңғы жылдары Қазақстанда диверсификация бағытына қозғалыс байқалды.

Қазақстанның даму стратегиясында 2030 жылға дейін ауылшаруашылық шикізатты сақтау мен қайта өңдеу индустриясын дамыту, астық өндірісімен байланысты ауыл шаруашылығы салаларын мамандандыру қарастырылған. Барлық осы шаралар елдің ауыл шаруашылығының тиімді қызмет етуіне, азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, яғни мемлекеттің саяси және экономикалық тұрақтылығын жақсартуға бағытталған.

Ғылыми жетекші А.Ж.Нукешева э.ғ.к.,доцент